

## **2008 жылғы 1 наурыздағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы**

2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды.

11 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы болды, оның ішінде 6 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы (бұдан әрі - «Қазақстан Халық Банкінің»), «Тұран Әлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы «БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі - «БТА Қазақстан»), «Капитал» ЖЗҚ - «Банк Центр Кредит» АҚ еншілес ұйымы» АҚ (бұдан әрі – «Капитал»), «Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ және «Отан» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ.

Есепті күнде 11 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Тұран Әлем Банкі» АҚ еншілес ұйымы - «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ және «АТФ Банкі» АҚ.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 9 271 335 болды. 2008 жылғы ақпанда салымшылар (алушылар) шоттарының саны 26 308 (0,28%) ұлғайды.

Ағымдағы жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 14 қордың 4 қорында болды: «МЖЗҚ» – 26,32%, «Қазақстан Халық Банкі» – 21,39%, «Ұлар Үміт» – 14,79% және «БТА Қазақстан» – 9,58% немесе олардың үлесіне салымшылар (алушылар) шоттарының жалпы санының 72,08% келеді. Ақпан айында 4 қордың үлесі 0,06 пайыздық тармаққа ұлғайды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны есепті айда 145-ке (0,35%) өсіп, 2008 жылғы 1 наурызда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 834,3 млн. теңгемен 41 149 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: «Сенім» – 46,52%, «Капитал» – 18,06%, «Ұлар Үміт» - 14,37% және «Д.А. Қонаев атындағы» - 13,52% немесе осы 4 қордың үлесіне салымшылар шоттарының жалпы санының 92,47% келді. Ақпан айында 4 қордың үлесі 0,09 пайыздық тармаққа азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары 2 қорда: «Ұлар Үміт» және «Қазақстан Халық Банкі» қорында болды. Салымшылардың жалпы саны 2008 жылғы 1 наурызда 3 939 құрады, олардың дербес зейнетақы шоттарында 55,3 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың ақпан айында салымшылар (алушылар) шоттарының саны 89-ға (2,31%) өсті.

### **Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары**

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттары ағымдағы жылдың ақпан айында 28,4 млрд. теңгеге (2,33%) ұлғайып, 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 1 249,8 млрд. теңгені құрады. Ағымдағы жылдың қаңтар айымен салыстырғанда ақпан айында жинақталған зейнетақы қаражаттары 2,1 есе ұлғайғанын атап айтқан жөн.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны соңғы 5 жыл ішінде өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

(млрд. теңгемен)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражаттарының сомасы	Өсімі	Жинақталған зейнетақы қаражаттарының өсу қарқыны (% -бен)
01.03.2004	378,9	97,8	34,79
01.03.2005	505,0	126,1	33,28
01.03.2006	693,6	188,6	37,35
01.03.2007	947,4	253,8	36,59
01.03.2008	1 249,8	302,4	31,92

Көрсетілген кестеден жинақталған зейнетақы қаражаттарының абсолютті өсу барысында олардың өсу қарқыны жекелеген есепті күндерде төмендегені байқалады. Мәселен, 2007 жылғы 1 наурызбен салыстырғанда 2008 жылғы 1 наурызда өсу қарқыны 4,67 пайыздық тармаққа төмендеді.

2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ең көп жинақталған зейнетақы қаражаттары сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылары) ие болды: жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасынан «Қазақстан Халық Банкі» – 29,14%, «ҰларҮміт» – 17,31%, «МЖЗҚ» – 16,79%, «БТА Қазақстан» – 10,76% және «ГРАНТУМ» - 6,04%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 80,04%-ы келді. Есепті айда 5 қордың үлесі 0,04 пайыздық тармаққа ұлғайды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың ақпан айында 11,5 млрд. теңгеге (3,39%) ұлғайып, 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 348,9 млрд. теңге болды.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны соңғы 5 жыл ішінде өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

(млрд. теңгемен)


Күні	«Таза» инвестициялық кіріс сомасы	Өсімі	Өсу қарқыны (%-бен)	Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-бен)
01.03.2004	98,0	19,1	24,21	25,86
01.03.2005	121,8	23,8	24,29	24,12
01.03.2006	179,4	57,6	47,29	25,87
01.03.2007	265,3	85,9	47,88	28,01
01.03.2008	348,9	83,6	31,51	27,92

Көрсетілген кестеден 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 2007 жылғы 1 наурызбен салыстырғанда «таза» инвестициялық кіріс көлемінің өсімі 2,3 млрд. теңгеге, сондай-ақ өсу қарқынының 16,37 пайыздық тармаққа төмендегені байқалады.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кіріс үлесі 2008 жылғы 1 наурызда 27,92% болды немесе 2007 жылғы 1 наурызбен салыстырғанда 0,09 пайыздық тармаққа азайды. Ағымдағы жылдың 1 ақпанымен салыстырғанда 1 наурыздағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кіріс үлесі 0,29 пайыздық тармаққа ұлғайғанын атап өткен жөн.

Ақпан айында 20,3 млрд. теңгені құраған немесе 2008 жылғы 1 қаңтарда келіп түскен зейнетақы жарналарының сомасынан 1,9 млрд. теңгеге көп болған зейнетақы қаражаттарының ай сайынғы түсімі ұлғая түсуде. Қорлар бойынша жалпы алғанда зейнетақы жарналары есепті айда 2,19% өсіммен 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 951,0 млрд. теңгені құрады.

**Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд. теңгемен)**



Жұмыс берушілердің зейнетақы жарналарын қорларға уақтылы аудармау және жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға уақтылы аудармау фактілері орын алуда, нәтижесінде өсімпұл мен айыппұлдың сомасы ұлғайып, 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 7,6 млрд. теңге болды немесе есепті айда 119,0 млн. теңгеге (1,59%) өсті.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2008 жылғы ақпан айында 3,3 млрд. теңгеге (4,98%) өсіп, 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 69,2 млрд. теңге болды. Есепті айда сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитет шарттары бойынша 14 алушымен жалпы сомасы 13,8 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары аударылды. Ағымдағы жылдың қаңтар – ақпан айларында сақтандыру ұйымдарына зейнетақы аннуитет шарттары бойынша 21 алушымен жалпы сомасы 19,8 млн. теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары аударылды.

Есепті айда қорлардың зейнетақы төлемдері қомақты артқанын атап кеткен жөн. Атап айтар болсақ, 2008 жылғы қаңтар айында төлем сомасы 2,8 млрд.теңге болса, ақпан айында 3,3 млрд. теңгені құрады немесе 0,5 млрд. теңгеге (17,86%) көп болды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) жинақталған зейнетақы қаражаттарын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттарының аударымдары ақпанда 9,0 млрд. теңгеге (4,15%) өсіп, 2008 жылғы 1 наурызда 225,0 млрд. теңге болды.


**Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы**

2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың ақпан айында 29,7 млрд. теңгеге немесе 2,43%-ға өсіп, 1 251,9 млрд. теңге болды.

2007 жылғы 1 наурыздан бастап 2008 жылғы 1 наурыз аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 25,3 млрд. теңге болды.

**Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы**

### Динамика изменения совокупного объема пенсионных активов



### Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ	Зейнетақы активтері	
	млн. тенге	в %
ЖЗҚ		
«Қазақстан Халық Банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ еншілес ұйымы	364 664	29,13
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	216 447	17,29
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	216 447	17,29
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	210 301	16,80
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	135 069	10,79
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Еуразия Банкі» АҚ еншілес ұйымы)	122 360	9,78
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	43 911	3,51
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	29 761	2,38
"МұнайГаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	30 346	2,42
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	18 343	1,47
"Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	75 634	6,04
"ГРАНТУМ жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	75 634	6,04
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	37 097	2,96
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	31 671	2,53
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	30 514	2,44
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	30 514	2,44
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	25 594	2,04
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	2 540	0,20
"РЕСПУБЛИКА жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	2 540	0,20
<b>Зейнетақы активтерінің жиынтығы</b>	<b>1 251 893</b>	<b>100,00</b>

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі ағымдағы жылдың ақпан айында 33,4 млрд. теңгеге немесе 2,80%-ға ұлғайып, 2008 жылғы 1 наурызда 1 225,5 млрд. теңгені құрады.

### ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.03.2008ж.	
	млн. теңге	%
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>315 144</b>	<b>25,71</b>
ҚР еурооблигациялары	0,00	0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	259 864	21,20
Ұлттық Банктің ноттары	55 280	4,51
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0,00	0,00
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>127 532</b>	<b>10,41</b>
акциялар	41 113	3,35
облигациялар	86 419	7,05
<b>Шетел инвестициялық қорлардың пайлары</b>	<b>0</b>	<b>0,00</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>0</b>	<b>0,00</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>51 571</b>	<b>4,21</b>
<b>Тазартылған алтын</b>	<b>12 094</b>	<b>0,99</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>556 752</b>	<b>45,43</b>
акциялар	170 784	13,94
облигациялар, оның ішінде	385 968	31,49
АҚШ долларында номинирленген	2 691	0,22
теңгеге номинирленген	383 277	31,27
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>162 037</b>	<b>13,22</b>
<b>Туынды бағалы қағаздар</b>		
<b>Производные ценные бумаги</b>	<b>405</b>	<b>0,03</b>
<b>жиынтығы</b>		
<b>итого</b>	<b>1 225 534</b>	<b>100,00</b>


### Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша 2008 жылғы 1 наурыздағы номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 2003 жылғы ақпан – 2008 жылғы ақпан кезеңінде - 45,18% (инфляцияның жинақталған деңгейі 58,48%);
- 2005 жылғы ақпан – 2008 жылғы ақпан кезеңінде – 31,40% (инфляцияның жинақталған деңгейі 39,34%);
- 2007 жылғы ақпан – 2008 жылғы ақпан кезеңінде – 7,45% (инфляцияның деңгейі 18,80%) құрады.

Бұл ретте, зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің түзетілген коэффициенті 2003 жылғы ақпан – 2008 жылғы ақпан кезеңінде 41,58% болды.


**12 айда зейнетағы активтерінің және ЖЗ номиналды кірісі коэффициентінің араатынасы**



**Қорлардың қаржылық жағдайы**

Қорлардың меншікті капиталы 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 30,7 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 8,97 млрд. теңге немесе меншікті капиталдың көлемінің 29,2%-ы болды. Активтердің жалпы сомасы ағымдағы жылдың ақпан айында 0,7 млрд.теңгеге немесе 2,2%-ға ұлғайып, 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 32,1 млрд. теңге болды.

**Қорлардың меншікті капиталының және ЖІП өзгеру динамикасы, млрд. теңгемен**



2008 жылғы ақпан айында 14 қордың ішінде 10 қор жалпы сомасы 1 360,2 млн. теңге пайда (кіріс салығын төлегеннен кейін) алды және 4 қор жалпы сомасы 190,7 млн. теңге шығынға ұшырады немесе жүйе бойынша жалпы алғанда жалпы сомасы 1169,5 млн. теңге пайда алынды. Шығынға ұшыраған қорлар: «Атамекен», «Ұлар Үміт», «МұнайГаз-Дем» және «Республика».

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары ақпан айында 2,6 млрд. теңгеге ұлғайып, 2008 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 24,5 млрд.теңге немесе қорлардың жиынтық капиталының 79,8%-ы болды.

Қорлардың меншікті активтері мемлекеттік бағалы қағаздарға жалпы сомасы 8,89 млрд. теңге (инвестициялардың жалпы көлемінің 36,35%-ы), Қазақстан Республикасының эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға жалпы сомасы 8,98 млрд. теңге (36,74%), шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға жалпы сомасы – 0,07 млрд.теңге (0,27%) қаржы салды, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға жалпы сомасы 2,77 млрд. теңгені (11,34%), сондай-ақ инвестициялық қорлардың пайлары - 0,05 млн. теңгені (0,23%) және «Кері РЕПО» операциялары - 3,68 млрд. теңгені немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 15,07%-ын орналастырды.

### Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Экономикадағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	01.01.04	01.01.05	01.01.06	01.01.07	01.01.08	01.03.08
ЖІӨ млрд.теңге (Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша)	4 612,0	5870,1	7 453,0	10 139,5	13 315,2	15 249,4
Жинақталған зейнетақы қаражаттарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	7,99	8,24	8,70	8,97	9,07	8,20
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	5,99	6,48	6,88	6,74	6,85	6,24
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	2,15	1,95	2,08	2,52	2,55	2,29
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-не қатынасы, %-бен	0,14	0,14	0,16	0,20	0,22	0,20